

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ МОДАЛЬДЫЛЫҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Айналадағы әр алуан болмыс түрлері, іс-әрекет сөйлемде әдетте жалаң хабар түрінде ғана айтыла салмайды. Онда сөйлеуші адамның сол хабар туралы пікірі, сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі көзқарасы қоса беріліп отырады.

Модальдылық өзінің мағыналық көлемі, грамматикалық қасиеттері және тілдің түрлі қабаттарындағы көріну деңгейі бойынша белгілі бір құбылыстар жиынтығының атауы болып табылады. Бұл категорияның шектері жайындағы мәселе әр түрлі шешімдерді табуда. Коммуникативтілік (қарым-қатынас құралы) мақсаттылығы бойынша сөйлемдерді жік-жіктерге бөлу де модальдылық категориясының санатына жатады деп айтуға болады. Мәселен, “сенімділік білдіру – теріс айту” (утверждение – отрицание), “шындық – ирреалдылық” ауқымындағы саралау (шындық – мүмкіндік – болжау – ирреалдылық), әр түрлі лексикалық құралдармен білдірілетін бастауыш пен баяндауыш арасындағы түрлі предикативтілік қатынастар (*істегісі келеді, істей алады, істеу керек, істеуге тиісті, істеуі қажет*) және т.б. [1, 145].

Сөйлемнің модальдылығын тіл білімінде екіге бөліп қарастыру бар:

1. Объективті (онтологиялық) модальдылық;
2. Субъективті (персуазивті) модальдылық.

Ең алдымен, объективті және субъективті модальдылықтың арақатынасын ажыратып алу үшін жалпы осы сөздердің қандай мағына беретініне назар аударарлық.

Объект (лат. *objectum* – зат) – субъектіге қарама-қарсы тұрған нәрсе, оның практикалық және теориялық қызметінің бағытталған заты. Философияның негізгі мәселесін әр түрлі шешуіне байланысты материализм мен идеализм объект ұғымын әр түрлі түсіндіріп келеді.

Объект субъектіден тыс нәрселердің бәрі емес, оның практикалық және танымдық қызметінің ауқымына тартылған игерілу, өзгерту үрдісіне енген құбылыстар. Тек практикалық қызметте ғана тұңғыш табиғи және тарихи құбылыстар объектіге айналады.

Ал *субъект* (лат. *subjectum* – бастауыш) – заттың практикалық іс-әрекет пен білім иесі, индивид немесе әлеуметтік топ, объектіні өзгертудегі белсенділіктің көзі. Субъектінің объектіге қатысы – философияның негізгі мәселесінің бірі. Субъектіні объектіге тұңғыш қарама-қарсы қойған – Декарт. Немістің классикалық философиясы бұл қарама-қарсылықты жойып, объектінің

шығармашылық қызметімен біртұтас деп қарады. Субъектіге объект тікелей берілмейді, объект субъектінің белсенділігі арқылы қайта жаңғырып отырады [2, 432].

Осыған қарағанда объект жалпы ұғым болса, субъект жалқы ұғым болып табылады. Дегенмен де бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді.

Объективті мағыналар қандай да бір жағдайтағы объективті байланысты сипаттайды. Субъективті мағыналар осы байланыстарды сөйлеушінің тану дәрежесі жағынан бағалауды, яғни осы жағдаятты білдіретін ойдың айқындылық дәрежесін, яғни проблематикалық, жай және үзілді-кесілді айқындылықты білдіреді [3, 18].

Объективті модальдылық

Тіл білімінде модальдылық деген терминді түрліше жұмсау бар. Пікірдің болмысқа қатынасын білдіретін формалар — объективті (жалпы) модальдылық формалар деп аталады.

Объективті модальдылық сөйлем мазмұнының ақиқат шындықпен сәйкестілігін білдіреді. Объективті модальдылық сөйлемнің жалпы предикативтілігі деген өз алдына бөлек мәселемен ұштасып жатады.

Сөйлемде хабар мазмұнының болмысқа қатынасы сөйлеушіден тәуелсіз болған жағдайда сөйлемде объективті модальдылық көрініс табады. Яғни объективтік модальдылық кез келген сөйлемде болады. Мәселен, *Біздің газетте әйел теңдігі деген бөлім бар. Сонда жұмыскерлердің халінен жете хабар жазуға болады. Өтірік жұбатумен елді алдамаса, жоғарғы мекемелерді алдай бере алмайды. Қарқаралыда жаздай, әуе құрғақ болып, егін шөптің шығымы нашар болған еді* (С. Дөнентаев). Бұл сөйлемдердің мазмұны ақиқат шындыққа сәйкес болып келуде.

Мысалдардан көргеніміздей, объективті модальдылық сөйлемде предикативтілікпен өте тығыз бірлікте көрініс, сөйлем мазмұнының шындыққа (реалды-ирреалды) қатынасын сөйлеуші тарапынан жүзеге асырады.

Сөйлеуші өз сөзін объективтік шындыққа көзқарасы негізінде құрайды. Модальдылық категориясы мен предикативтілік бір-бірімен өте тығыз байланыста болып келгенімен, олардың әрқайсысына тән өзгешеліктері бар. Предикативтілік сөйлемнің мағыналық топтарға бөлінуіне әсер етпейді, ал модальдылық — сөйлемнің типтік жағынан түрленуіне әсер ететін құбылыс [4, 276]. “Қазақ тілі” энциклопедиясында объективті мо-

дальдылықты көрсететін тәсілдерге рай категориясы жатқызылған: “Объективті модальдылықты білдіретін тәсілдердің бірі — етістіктің рай категориясы. Сөйлемнің мазмұны барлық уақытта жаққа қатысты іс-әрекетті шаққа байланысты көрсеткенде ғана ол объективтік шындыққа сай ретінде көрінеді”, — деген пікір толық құптарлық [4, 277].

К. Аханов объективті модальдылыққа мынадай анықтама берген: “Сөйлем әр түрлі грамматикалық амал-тәсілдер арқылы бірдеменің осы шақта, өткен шақта немесе келер шақта іске асуын білдіреді немесе оның ықтимал, қалаулы яки қажет екендігін білдіреді. Аталған грамматикалық мағыналардың баршасы, күллі жиынтығы объективті-модальды мағыналар немесе объективті модальдылық деп аталады” [5, 205]. Сондай-ақ, ғалымның пікірінше, “жай сөйлем объективті модальдылық категориясы мен синтаксистік шақ категориясына және оларды білдіру құралдарының тиісті жүйесіне ие болады. Бұл екі категория бір-бірінен бөлек өмір сүрмейді, олар ажырамайтын бірлік — предикативтілік категориясын құрайды. Сөйлемде объективті модальдылық пен синтаксистік шақ мағынасының арнаулы грамматикалық құралдармен берілуі, яғни предикативтілік категориясының болуы, жай сөйлемдердің дербес синтаксистік категория ретіндегі басты белгі болып саналады” [5, 205]. Сонымен сөйлемдердегі объективті модальдылық сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа сәйкестілігін білдіріп, сол оқиғаның қай уақытта болғандығын баяндап сипаттайды. Яғни объективті модальдылық мағына кез келген сөйлемге тән болып келеді.

Субъективті модальдылық

Объективті модальдылықпен қатар сөйлемде субъективті модальдылықтың болуы ықтимал. Пікірге сөйлеушінің қатынасын білдіретін формалар субъективтік модальдық формалар деп аталады. Субъективті модальдылық деп сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы (сәйкестілігі) жөніндегі сөйлеушінің көзқарасын, пікірін айтады. Объективті модальдылық, көбінесе, райлар арқылы беріледі, субъективті модальдылық, негізінен, арнаулы жеке сөздер арқылы білдіріледі [6, 240]. Мәселен, *Оған жету үшін, әрине, шара іздемей болмайды. Мәселен, егінде бұршақ соғу, шегіртке жеуден қамсыздандыру, малды індет, қора-сайманды өрттен қамсыздандыру секілді. Әрине, мал-мүлкін қамсыздандырушылардан алып*

тұрмақ. Осы күнде қазақ балаларының көбі оқуға сусап жүргені **рас**. Тілейтін дәруі не, оны да жаза білуге **керек** (С. Дөнентаев). Келтірілген мысалдарда мынадай субъективті модальдық мағыналар сезіліп тұр: 1, 3, 4 сөйлемдерде *әрине, рас* модаль сөздерінің көмегімен растау, дәлелдеу мағынасы берілсе, 2-ші сөйлемде *секілді* модаль сөзі арқылы болжау, 5-ші сөйлемде *керек* сөзінің көмегімен міндеттілік мағынасы белгіленген.

Әрбір сөйлемде міндетті объективті модальдық мағынадан басқа қосымша субъективті модальдық мағынасы, яғни сөйлеп тұрған адамның хабардың мазмұнына қатынасы беріліп тұруы мүмкін. Сонда субъективті модальдық мағына сөйлемде екінші модальды қабатты қалыптастырады. Субъективті модальдылықтың семантикалық көлемі объективті модальдылықтың (“шындық – ирреалдылық” мағыналарынан) семантикалық көлемінен әлдеқайда кең және оны білдірудің құралдары әрқелкі.

Субъективті модальдық мағына сөйлеушінің нені айтқысы, хабарлығысы келсе, соған қатынасын, атап айтқанда, түгелдей хабарға немесе оның әйтеуір бір бөлшегіне қатысын білдіреді. Субъективті модальдық мағыналардың қатарына күшейту мен әсерлеу, сенімділік пен сенімсіздік, құптау мен жақтырмау және т.б. осы тәрізді мағыналар енеді [5, 205]. Осындай мағыналар түрлі тілдік тәсілдер арқылы беріледі.

Субъективті модальдылық категориясы төмендегідей тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

1. Сөздердің арнаулы лексика-грамматикалық тобы, сондай-ақ өздерінің сөйлемде атқаратын функционалдық қызметі бойынша оларға жақын сөз тіркестері мен сөйлемшелер арқылы. Олар: модаль сөздер, модаль сөз тіркесімдері мен сөйлемшелер. Аталған сөздер сөйлемде синтагматикалық автономдық (қыстырма) позицияда тұрып, хабарламаның әртүрлі аспектілеріндегі интеллектуалдық (логикалық) және эмоционалдық бағаларды білдіру үшін қыстырма бірліктер ретінде қызмет атқарады. *Өлшеніп жасалған нәрсе гой, меніңше дұп-дұрыс сияқты* (Қ.Омаров) *Бүгін сәті түскен сияқты* (С. Жүнісов) – деген сөйлемдерде болжал мағынасы білдірілсе, *Е, Таптаған ағасы емес пе, өзі де келетін шығар. Өзім-ақ ара тұрар ем. Ал, мынадай ердің басын қорламас болар* (С.Жүнісов) сөйлемдерінде сенім білдіру мағынасы айқын сезіліп тұр. *Рас, Ақан серідей көрікті, сөзге де, әнге де ұста, сегіз қырлы жігіт*

ілуде біреу болмаса, жиі кездесе бермейді, – деген сөйлемде растау, белгілі бір нәрсені дәлелдеу естілсе, *Ол байғұс та құса боп жатқан көрінеді* – сөйлемінде адамның күдіктеніп отырғаны көрініп тұр.

2. Модальдық мағынасы бар демеуліктерді қолдану арқылы. Болжал мағынасын білдіру үшін етістікке **мыс, міс** демеуліктері тіркесіп қолданылады. *Өмірдің өткеніне өкінеді-міс*. Не қосыну мағынасын беру үшін **екеш** демеулігі қызмет атқарады. *Мал екеш мал да күтімді біледі*. Қуанғанды білдіру: *Әйтеуір келдің-ау! Ау* демеулігі тағы басқа түрлі мағыналық реңкті көрсетуге жұмсалатынын атап кеткен жөн болар. Мәселен, *Тыным таппай жасаған ұясы еді, келмей қалса, обалына қалатын болдым-ау!* (С. Жүнісов) сөйлемінде өкініш естіліп тұр.

3. Одағай сөздер арқылы да сөйлемдерде субъективті модальдық мағына беріледі. Таң қалғанды білдіру үшін (*мәз саған, пах-пах, пай-пай*), өкініш, ренішті білдіру мақсатында (*әттеген-ай*), қуанышты білдіру (*бәрекелді, алақай*), тыйым салу, бұйрық мағынасы (*тәйт, жә*) беру үшін қолданылады. **Қап, бекер-ақ жасапсың, қарлығыштар безініп кетпесе жарар еді** дегенде өкіну, қынжылу мағынасы естілсе, **Туһ, не деген үн!** Сөйлемінде ұнату, қайран қалу, **Ойпыр-ау, мына бұрса көйлектері не деген көп еді!** (С. Жүнісов) сөйлемінде таң қалу іспетті түрлі субъективті мағыналар байқалып тұр.

4. Рай категориясының қосымшалары арқылы да субъектінің көзқарасы беріле алады. *Е, сүйтші, сүйтші, қарғам, күйеуіңмен сөйлесші* сөйлемінде өтініш, *Не айтарың бар еді. Бол, тез!* сөйлемінде ашық бұйрық, өмір естілсе, *Япырмай, бірдемені бүлдірмесе игі етті!* (С. Жүнісов) сөйлемінде үміт, тілек мағынасы берілген.

5. Арнаулы интонациялық құралдар таң қалуды, сенімсіздікті білдіруді, сенімді болуды, қарсы шығуды, келеке етуді және де хабарламаға деген субъективтік қатынастың тағы да басқа эмоционалды-экспрессивті бояуларын бөліп көрсету үшін қолданылады. *Бет күйіңкіреп қалды, иә!* сөйлемінде кекету, *Ой, ерім-ай!* сөйлемінде таң қалу, ұнату, *Ойбой, жау алған қатындар!* (С. Жүнісов) дегенде ашу секілді субъективті мағыналар көрініс тапқан.

6. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі арқылы. Бұл тәсіл, әсіресе поэзиялық туындыларда айқын көрініс тапқан. Мәселен, *Кетеміз алысқа Турксибтен. Тоқтаңдар кедейлер! Бөгелмеңдер,*

*жолдастар, кірісіңдер жаңағы іске! Қоймадың ба!
Ендеше, әкедей кісіге тіл тигізгенің үшін, мә!
(М. Әуезов)* Келтірілген мысалдардан баяндауыштардың орын ауысуы және осы тәсілдің интонация тәсілімен ұштасуының нәтижесінде түрлі модальдық мағыналар (үндеу, шақыру, ызалану) беріліп тұрғаны байқалады.

ӘДЕБИЕТ

1. Русский язык. Энциклопедия под редакцией Ф.П.Филина. М., 1979. 432 с.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1976. 8-т. 664-б.

3. Құлманов С. Қ. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалдық-семантикалық өрісі: Филол. ғыл. канд. дис. Алматы, 2004. 160-б.

4. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, 1998. 509-б.

5. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. 2-басылуы. Алматы, 1996. 240-б.

6. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 бөлім. Алматы, 1967. 264 б.

7. Виноградов В.В. О категории модальности и модальных словах в русском языке // Избранные труды. Исследования по русской грамматике. М., 1975. 625 с.

8. Құсманова Д.Т. Қазақ тіл біліміндегі модальдылық мәселесі: Филология ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындаған жұмысы. Павлодар, 2003. 124-б.